

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасындағы "Елдік бағдарламаның Қазақстанның экономикалық реформаларының бағдарламасына қосқан үлесіне ерекше көңіл бөле отырып, Қазақстанның экономикалық реформаларын Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының жеке сектор мен бәсекеге қабілеттілікті дамыту саласындағы стандарттары мен озық практикаларымен біріздендіруге бағытталған Қазақстанды реформалау бағдарламасының прогресін зерделеу" жобасын іске асыру туралы гранттық келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 29 тамыздағы № 686 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасындағы «Елдік бағдарламаның Қазақстанның экономикалық реформаларының бағдарламасына қосқан үлесіне ерекше көңіл бөле отырып, Қазақстанның экономикалық реформаларын Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының жеке сектор мен бәсекеге қабілеттілікті дамыту саласындағы стандарттары мен озық практикаларымен біріздендіруге бағытталған Қазақстанды реформалау бағдарламасының прогресін зерделеу» жобасын іске асыру туралы гранттық келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Ерболат Асқарбекұлы Досаевқа Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасындағы «Елдік бағдарламаның Қазақстанның экономикалық реформаларының бағдарламасына қосқан үлесіне ерекше көңіл бөле отырып, Қазақстанның экономикалық реформаларын Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының жеке сектор мен бәсекеге қабілеттілікті дамыту саласындағы стандарттары мен озық практикаларымен біріздендіруге бағытталған Қазақстанды реформалау бағдарламасының прогресін зерделеу» жобасын іске асыру туралы гранттық келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н
Ү к і м е т і н і ң

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

К.Мәсімов

Р е с п у б л и к а с ы

мақұлданған

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасындағы «Елдік бағдарламаның Қазақстанның экономикалық реформаларының бағдарламасына қосқан үлесіне ерекше көңіл бөле отырып, Қазақстанның экономикалық реформаларын Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының жеке сектор мен бәсекеге қабілеттілікті дамыту саласындағы стандарттары мен озық практикаларымен біріздендіруге бағытталған Қазақстанды реформалау бағдарламасының прогресін зерделеу» жобасын іске асыру туралы гранттық келісім

Осы жерде және бұдан әрі жеке-жеке «Тарап» немесе бірге «Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы төмендегілер туралы келісті:

1-бап. Шарттың нысанасы

1. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (бұдан әрі – ЭЫДҰ) «Елдік бағдарламаның Қазақстанның экономикалық реформаларының бағдарламасына қосқан үлесіне ерекше көңіл бөле отырып, Қазақстанның экономикалық реформаларын Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының жеке сектор мен бәсекеге қабілеттілікті дамыту саласындағы стандарттары мен озық практикаларымен біріздендіруге бағытталған Қазақстанды реформалау бағдарламасының прогресін зерделеу» жобасын (бұдан әрі – жоба) жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі жоба шеңберінде ЭЫДҰ орындайтын жұмысты қаржыландыруға келіседі.

3. Жобаны іске асыру мерзімі – Елдік бағдарламаны іске асыру кезеңінде Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасындағы Қазақстан мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі елдік бағдарлама жобасын іске асыру туралы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылған күннен бастап 24 ай. Жарна жобаны бастау күніндегі жағдай бойынша және оны іске асырудың бүкіл кезеңі ішінде жұмсалған барлық шығыстарды жабу үшін пайдаланылуға тиіс.

2-бап. Бюджет және қаржыландыру тетіктері

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі ЭЫДҰ-ға жобаны іске асыруға байланысты шығыстарды жабуға 471 915 (төрт жүз жетпіс бір мың тоғыз жүз он бес) евро беруге м і н д е т т е н е д і .

2. Жарна екі кезеңмен төленеді. 233 923 (екі жүз отыз үш мың тоғыз жүз жиырма үш) евро мөлшеріндегі бірінші жарна осы Келісімге қол қойылғаннан және ЭЫДҰ-дан тиісті шот-фактура алынғаннан кейін толық көлемде төленеді және 237 992 (екі жүз отыз жеті мың тоғыз жүз тоқсан екі) евро мөлшеріндегі екінші жарна ЭЫДҰ-дан тиісті шот-фактура алынған кезде 2016 жылғы маусымға дейін төленеді.

3. ЭЫДҰ бұл жарнаны қазіргі уақытта әкімшілік шығындарды өтеуді жарнаның жалпы сомасынан 6,3 % төлеуді көздейтін ЭЫДҰ-ның қаржылық ережелеріне және басқа да тиісті қағидаларына, саясаттары мен рәсімдеріне сәйкес әкімшілендіретін болады. Жалпы қабылданған бухгалтерлік есепке алу қағидаттарына сәйкес шығыс ЭЫДҰ-ның шоттарында көрсетіледі және ЭЫДҰ-ның стандартты аудит қағидаларына сәйкес аудит кезінде тексерілуі мүмкін.

3-бап. Жұмыстар мен есептіліктің сипаттамасы

1. ЭЫДҰ осы Келісімге қосымшада сипатталғандай, оның ажырамас бөлігі болып табылатын жобаны іске асыруға жауапты болады.

2. Жобаның бірінші жылы аяқталғаннан кейін үш айдың ішінде ЭЫДҰ Қазақстан Республикасының Үкіметіне жобаның іске асырылу барысы туралы аралық есепті ұ с ы н а д ы .

3. Жоба аяқталғаннан кейін алты ай ішінде ЭЫДҰ Қазақстан Республикасының Үкіметіне қорытынды есепті ұсынады.

4. Жобаның бірінші жылы аяқталғаннан кейін үш айдың ішінде ЭЫДҰ Қазақстан Республикасының Үкіметіне шығыстар туралы ақпараты бар жылдық есепті ұсынады.

5. Жоба аяқталғаннан кейін алты айдың ішінде ЭЫДҰ Қазақстан Республикасының Үкіметіне шығыстар бойынша түпкілікті қаржылық есепті ұсынады.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі ЭЫДҰ есептілігінің стандартты форматына сәйкес шығындар туралы есепте қаржылық есептілікке қойылатын талаптар сақталатынымен келіседі.

4-бап. Ақпарат алмасу

Тараптар бір-біріне жобаны жүзеге асыру үшін қажетті көмек пен ақпаратты ұ с ы н а д ы .

Тараптар арасындағы кез келген ақпарат алмасу мына мекенжайға жіберіледі:

Қазақстан Республикасының Үкіметі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі – 010000, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Орынбор көшесі, № 8 үй, тел.: 8 (7172) 74-35-83, e-mail: d.zakumbaev@economy.gov.kz;

ЭЫДҰ: Еуразиялық бәсекеге қабілеттілік бағдарламасы, ЭЫДҰ Ғаламдық байланыстар хатшылығы, 75775, Франция, Париж Cedex 16, 2, rue Andre-Pascal, эл.пошта: elisabetta.daprati@oecd.org

5-бап. Жобаның нәтижелерін пайдалану

1. Жобаның кез келген нысандағы нәтижелері ЭЫДҰ-ның ерекше меншігі болып қ а л а д ы .

2. Құжаттардың жіктелуіне және жіктемеден шығарылуына қатысты үшінші тараптардың құқықтары, сондай-ақ ЭЫДҰ қағидалары мен саясаты сақталған кезде, егер қолдануға болса, ЭЫДҰ Қазақстан Республикасының Үкіметіне кез келген мемлекеттік коммерциялық емес мақсаттар үшін жоба шеңберінде дайындалған құжаттарды пайдалану, көшімесін жасау және тарату құқығын береді.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі қажет болған жерде үнемі ЭЫДҰ-ның авторлық құқығын тиісті түрде мойындайды.

4. ЭЫДҰ осындай жарияланымның тілі мен нысанына қарамастан, қорытынды есепті бірінші жариялау құқығын өзіне қалдырады.

5. Қорытынды есеп Қазақстан Республикасы Үкіметінің жобаға қосқан үлесін мойындауды қамтитын болады және Қазақстан Республикасы Үкіметінің символы жарияланым мұқабасының артқы бетінде немесе жоғарыда көрсетілген мойындаудың жанында жарияланымның ішінде орналастырылады.

6. Жоба барысында ЭЫДҰ-ға ұсынылған Қазақстан Республикасы Үкіметінің меншігі болып табылатын кез келген деректер немесе ақпарат Қазақстан Республикасы Үкіметінің меншігі болып қалады. ЭЫДҰ жобаны жүзеге асыру үшін өз есебін дайындау мақсатында көрсетілген деректер мен ақпаратты пайдалануға және/немесе қосып алуға құқығы бар.

6-бап. Дауларды реттеу

Осы Келісімнің болуын, жарамдылығын немесе бұзылуын қоса алғанда, оны түсіндіруден, қолданудан немесе орындаудан немесе осыларға қатысты туындайтын, келіссөздер жолымен шешу мүмкін емес кез келген дау, келіспеушілік немесе наразылық аралық соттың тұрақты палатасының мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар үшін осы Келісімді жасасу күніне қолданыстағы төрелік соттың факультативтік қағидаларына сәйкес міндетті күші бар соңғы төрелік талқылаумен шешіледі. Судьялар саны – біреу. Судья Тараптар арасындағы уағдаластық арқылы таңдалады. Егер төрелік талап етілгеннен кейін үш айдың ішінде мұндай уағдаластыққа қол жеткізілмесе, судья Тараптардың бірінің талабы бойынша жоғарыда көрсетілген қағидаларға сәйкес тағайындалады. Төрелік сот Францияда, Парижде өтеді және барлық іс жүргізу мен ұсынылатын түсініктемелер ағылшын тілінде болуға тиіс.

7-бап. Артықшылықтар мен иммунитеттер

Осы Келісімде ешнәрсе халықаралық ұйым ретінде ЭЫДҰ иммунитеттері мен артықшылықтарынан бас тарту ретінде түсіндірілмеуі тиіс.

8-бап. Өзгерістер мен толықтырулар

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөліктері болып табылатын және жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

9. Күшіне енуі

Осы Келісім оған екі Тарап та қол қойғаннан кейін күшіне енеді. Ол екі Тарап та одан туындайтын барлық міндеттемелерді орындағанға дейін қолданыста болады.

Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде екі төлнұсқа данада жасалды. Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі мәтіндердің арасында сәйкессіздік болған жағдайда, ағылшын тіліндегі нұсқасы жалғыз төлнұсқа болып табылады.

*Қазақстан Республикасының Экономикалық ынтымақтастық және
Үкіметі тарапынан даму ұйымы тарапынан*

Ерболат Досаев

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

хатшылығының директоры

Маркос Бонтури

Жаһандық байланыстар

Энтони Дж. Роттьер

Қолы: _____ Қолы: _____

Күні: _____ Күні: _____

Атқарушы директор

Қолы: _____

Күні: _____

Қазақстан Республикасының

Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму

ұйымы арасындағы «Елдік бағдарламаның

Қазақстанның экономикалық реформаларының

бағдарламасына қосқан үлесіне ерекше көңіл бөле

отырып, Қазақстанның экономикалық реформаларын

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының

жеке сектор мен бәсекеге қабілеттілікті дамыту

саласындағы стандарттары мен озық практикаларымен

біріздендіруге бағытталған Қазақстанды реформалау

бағдарламасының прогресін зерделеу» жобасын іске асыру туралы гранттық келісім қосымша

Техникалық тапсырма

К і р і с п е

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ЭЫДҰ арасындағы Елдік бағдарламаға қатысты өзара түсіністік туралы меморандумға (бұдан әрі – Меморандум) 2015 жылғы қаңтарда қол қойылды. «Елдік бағдарламаның Қазақстанның экономикалық реформаларының бағдарламасына қосқан үлесіне ерекше көңіл бөле отырып, Қазақстанның экономикалық реформаларын Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының жеке сектор мен бәсекеге қабілеттілікті дамыту саласындағы стандарттары мен озық практикаларымен біріздендіруге бағытталған Қазақстанды реформалау бағдарламасының прогресін зерделеу» (бұдан әрі – прогресті зерделеу жобасы) меморандум нәтижелерінің бірі болып табылады.

2. Қазақстанның Елдік бағдарламасы (ҚЕБ) батыл «Қазақстан-2050» стратегиясына саясаттың мынадай салаларында өз үлесін қосу үшін әзірленді:

- 1) мемлекеттік басқару;
- 2) қоршаған орта;
- 3) фискалдық саясат;
- 4) денсаулық сақтау, жұмыспен қамту және әлеуметтік интеграция;
- 5) білім және біліктілікті арттыру;
- 6) бәсекеге қабілеттілік және бизнес-ахуал;
- 7) статистика;
- 8) салааралық қызмет.

3. Прогресті зерделеу жобасы ҚЕБ қолданылуының бүкіл мерзімі ішінде, яғни 2015 және 2016 жылдары тұрақты негізде реформалау бағдарламасының прогресіне шолу жүргізеді.

Ә д і с н а м а

Д а й ы н д ы қ к е з е ң і

4. ЭЫДҰ қарау жөніндегі қызметті егжей-тегжейлі әзірлеуге алып келетін дайындық шараларына ерекше мән береді. Дайындық кезеңі прогресті зерделеудің алғашқы үш айының ішінде өтеді.

Қ а р а у к е з е ң і

5. Реформалау бағдарламасы прогресін тұрақты шолу үшін прогресті зерделеу ж о б а с ы н д а :

- жоба және/немесе оның ерекше құрамдауыштары бойынша жалпы прогресті талқылау және қажеттілігіне қарай туындаған мәселелерді шешу үшін ЭЫДҰ-мен

өзара іс-қимыл жөніндегі кеңеспен миссияның кестесін мерзімді (ай сайын немесе екі ай да бір рет) белгіледі ;

- ҚЕБ шеңберінде жобалар бойынша әртүрлі бастамаларды іске асыруда прогресті бағалау үшін және топтың Қазақстандағы үйлестіруші командамен бірлесіп қарауы қажет болуы мүмкін мәселелерді ескере отырып, ішкі тұғырнама ретінде ЭЫДҰ-ның директораттар арасындағы мерзімді (айына екі рет немесе тоқсанына бір рет) кеңестерін өткізу ;

- ҚЕБ-тің әрбір бастамасы үшін деңгейін, мәртебесін және байланыстарды шоғырландыратын жобаны ішкі қадағалау жүйесін құру. Қазақстанның қолдауы

- Елдік бағдарлама жобаларын іске асыруды Қазақстанның Үкіметіне жария етуде және әрбір жобаны іске асыруға толық қолдауды қамтамасыз етуде және тиісті ұсынымдарды ұсынуда прогресті зерделеу жобасына жәрдем көрсету;

- ҚЕБ-тің әртүрлі жобаларына үлес қосатын, қоғамдық-жеке диалогқа белсенді қатысу. Қатысушылар әрбір жобаның талаптарына сәйкес Қазақстан Үкіметінің, атап айтқанда, Ұлттық экономика министрлігінің, ЭЫДҰ Хатшылығының, өңірлік және халықаралық жеке сектор компанияларының, бизнес қауымдастықтардың, үкіметтік емес ұйымдардың жоғары лауазымды саясаткерлері мен сарапшыларды қамтуы мүмкін ;

- барлық министрліктердің қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету үшін Ұлттық экономика министрлігі жанындағы Қазақстанның Үйлестіру кеңесінің жұмыс істеуін қолдау. Тиісті министрліктерге, ведомстволарға және бизнес қауымдастықтарға әрбір жобаның талаптарына сәйкес өкілдерін тағайындау ұсынылатын болады.

К е с т е

6. Қазақстандағы алғашқы миссия 2015 жылғы маусымда өтеді. ЭЫДҰ хатшылығы ЭЫДҰ-мен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңеспен бірлесіп тиісті кестені келіседі және бүкіл жоба бойы әрбір миссия бойынша күн тәртібін ұсынады.

7. Ақпарат жинау бойынша ішкі талқылаулар мен кеңестерді (директораттар арасындағы ЭЫДҰ кеңестері мен министрліктер арасындағы қазақстандық кеңестер) тараптар қажеттілігіне қарай жеке-жеке ұйымдастыруға тиіс.

8. ЭЫДҰ «Қазақстан-2050» стратегиясы шеңберінде ҚЕБ үлес қосатын салаларға қысқаша шолуды, ҚЕБ-тің 20 жобасы мен шолулары бойынша негізгі ұсынымдарды және Қазақстанның ұсынымдарды іске асырудағы қол жеткізген прогресті дайындайды.

С а л а л а р д а ж ә р д е м д е с у
М е м л е к е т т і к б а с қ а р у

9. Мемлекеттік басқарудың есептілігі мен ашықтығы мемлекеттің айтарлықтай күш салуына қарамастан (электронды үкімет, мемлекеттік қызмет бойынша реформалар, бюджеттеу практикалары, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша нақты бастамалар) шешімін талап ететін негізгі мәселе болып қалуда.

10. Прогресті зерделеу жобасы анықталған проблемаларды және Integrity Scan және Ұлттық қалалық саясатқа шолу сияқты ЭЫДҰ құралдары ұсынған ұсынымдарды қарау және қазақстандық институттардың ашықтығын және есептілігін қамтамасыз ету үшін ұсынымдарды енгізу прогресін бағалау арқылы осы саладағы жақсаруларға шолу жүргізеді.

Қ о р ш а ғ а н о р т а

11. 2013 жылғы 30 мамырда Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасын қабылдады, онда алты: адами ресурсты дамыта отырып, сумен жабдықтау, ауыл шаруашылығы, жекелеген секторлардағы энергия тиімділігі, энергия өндіру, ауаның ластануы және қалдық сулар салаларын дамытуға бағытталған батыл реформалар бағдарламасы белгіленген. Дегенмен, Қазақстан ауыр экологиялық қиындықтардан, атап айтқанда ауа мен судың ластануынан зардап шегуді жалғастыруда.

12. ЭЫДҰ «Су ресурстарын басқару жөніндегі бағдарламаны енгізуді қолдау» немесе «Жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасын (ЖЭТ) басқарудың негізгі элементтері бойынша саяси диалогты талдау және қолдау» сияқты реформалау бастамаларының іске асырылу барысын бағалайды. Бұл бастамалар еліміздің табиғи байлығын ұзақ мерзімді және орнықты басқару үшін негіз қалыптастыру арқылы Қазақстанның жасыл дамуы бойынша іс-қимыл жоспарын қолдайды.

Ф и с к а л д ы қ с а я с а т

13. Қазақстан салықтық және кедендік әкімшілендіруді және есептілікті жеңілдетумен бірге ішкі дамуды ынталандыруды, экспортты жылжытуды және жеке тұлғалардың жинақтарын және инвестицияларды ынталандыруды жалғастыруы тиіс. Қосымша салық түсімдері және мықты салықтық әкімшілендіру білім беру, инфрақұрылым және инновацияларға бағытталған нысаналы шығыстар арқылы еліміздің бәсекеге қабілеттілігін жақсартуға және әлеуметтік бірлікке жәрдемдесуге мүмкіндік береді. 2014 жылы Қазақстан ашықтық және ақпарат алмасу жөніндегі Жаһандық форум арқылы сараптамалық шолудың 1-кезеңі шеңберінде ЭЫДҰ-мен өзара іс-қимыл жасады.

14. Прогресті зерделеу жобасы «Ғаламдық байланыстар бағдарламасы арқылы ынтымақтастық» жобасының бір бөлігі болып табылатын, халықаралық салық салу мәселелері бойынша алты-сегіз семинарға Қазақстанның қатысуын бағалау арқылы шолуына негізделетін болады. Семинарларға қатысу Қазақстанның бір мезгілде ақпарат алмасу саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкес келуіне, бәсекеге қабілеттілігін арттыруына және әлеуметтік бірлікті жылжытуына ықпал ететін болады. Бұдан басқа, «Азия елдеріндегі кірістер статистикасы» жариялануына қатысу Қазақстанның көпжақты ынтымақтастық бастамалары бойынша өңірде одан әрі де көшбасшы болуына мүмкіндік береді.

Денсаулық сақтау, жұмыспен қамту және әлеуметтік интеграция

15. Жақсы жұмыс істеп тұрған еңбек нарығы мен білім беру саясаты жаһандану мен технологиялық өзгерістердің артықшылықтарын пайдалануда және шығындарды азайтуда маңызды рөл атқарады. Жұмыспен қамтуға бағытталған әлеуметтік саясат еңбек нарығындағы үлесі аз топтардың қатысуына ықпал ету, сондай-ақ кедейлік деңгейін және әлеуметтік оқшаулануды азайту үшін қажет. Денсаулық сақтау саласындағы саясат және жалпы салауаттылық тұрғысындағы тиісті нәтижелер еңбек нарығына, сондай-ақ капиталға және әл-ауқатқа күшті әсер етеді. Саясаттың келісімділігі денсаулыққа қатысты өзіне-өзі қайшы келмейтін, қайта толықтыра түсетін Қазақстан Үкіметінің тұтас саясатын қамтамасыз ету үшін шешуші мәнге ие. Жалпы салауаттылық және осы нақты секторларға реформалардың әсері тұрғысынан үздік көрсеткіштерді әзірлеу өсуді қамтамасыз етудің және Қазақстан халқына оң әсер етудің кілті болады. Прогресті зерделеу жобасы осы көрсеткіштердің дамуындағы прогресті қ а д а ғ а л а й д ы .

16. Прогресті зерделеу жобасы «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау мен ұлттық шоттары жүйесіне шолу» және «Еңбек қатынастары саласындағы ұсыныстар (үш топқа бағдарланған саясатқа шолу: жастар, егде қызметкерлер және халықтың осал топтарын қорғау)» сияқты баяндамаларда көрсетілген ұсынымдарды жүзеге асырудағы Қазақстан прогресіне шолу жүргізеді. Ұсынымдарды іске асыру Қазақстандағы кейбір анағұрлым осал топтардың өмір сүру деңгейін жақсартуға және елдің дамуы және жаппай қамту үшін қажетті дағдыларды нығайтуға назар аудара отырып, адами капиталды дамыту саласындағы Қазақстанның мақсаттарға қол жеткізуіне ықпал ететін б о л а д ы .

Білім беру және біліктілікті арттыру

17. Экономикалық өсудің негізі ғана емес әрі оның ұзақ мерзімді дамуы үшін қажетті шарт болып табылатын білім адамдардың толыққанды белсенді азамат болуына мүмкіндік береді. ЭЫДҰ білімнің ұлттық және жеке әл-ауқаттың өсуіне, сондай-ақ кедейлікке және әлеуметтік оқшаулауға қарсы күреске әсері түсінігін қарайды. Мектеп және университет реформаларын кеңейту «Қазақстан-2050» стратегиясында баяндалған адам дамуын қолдаудағы шешуші міндет болып табылады. Қазақстандағы сауатты халық үлесінің жоғарылығына қарамастан, жоғары білім беруге қол жеткізу, әсіресе, оқу бітірушілер дағдысының Қазақстан экономикасы салаларына қажетті дағдыларға сәйкес келуі бөлігінде проблема болып қалып отыр.

18. Прогресті зерделеу жобасы 2007 жылғы шолудан кейін қол жеткізілген прогресті бағалайтын «Жоғары білім беру саласындағы саясатқа кейіннен шолу жасау» сияқты құралдарды пайдаланатын болады. Ол сондай-ақ интернационалдандыруда және қаржыландыруда туындайтын саясат мәселелерін қамтиды.

Бәсекеге қабілеттілік және бизнес-ахуал

19. Әртараптандыру үшін трансшекаралық саудамен, электр энергиясына және құрылысқа рұқсатқа қол жеткізумен байланысты салаларда елеулі кедергілер сақталып

отыр. Теміржол және автомобиль көлігі жүйелері ел ішіндегі де, халықаралық бағыттардағы да қатынастың жақсы деңгейі үшін жеткілікті тиімді емес. Бизнес-ахуалды және бәсекеге қабілеттілікті жақсарту Қазақстан экономикасының және жұмыспен қамтуының әлеуетін ашады.

20. Прогресті зерделеу жобасы «Инвестициялық саясатқа екінші шолу жасау» және «Табиғи ресурстарды дамыту жөніндегі саяси диалог бастамасы» сияқты баяндамаларда ұсынылған реформалар бойынша бастамалардың іске асырылу барысын бағалайтын болады. Баяндамалар жеке сектордың өсуіне барынша әсер етуге және Қазақстан экономикасының жаһандық және өңірлік интеграциясына пайдалануға болатын инвестицияларды тарту және әртараптандыру бойынша күш-жігерлер түсінігіне ықпал ететін болады.

С т а т и с т и к а

21. Сапалы статистикалық ақпаратпен қамтамасыз ету мемлекет пен қоғамның дамуына маңызды үлес қосады, Қазақстанда бұл жауапкершілік Статистика комитетіне жүктелген (СК). СК Қазақстанда әлеуметтік және экономикалық жағдайды бағалауға және елдерді халықаралық салыстыруға қажетті кең мәліметтер спектрін қамтамасыз етеді. 2014 жылы СК ЭЫДҰ Статистика директорымен ынтымақтастықтың жалпы негіздерін баяндай отырып, статистика бойынша ниет білдірулер туралы хатқа қол қойды.

22. Прогресті зерделеу жобасы 2008 Ұлттық шоттар жүйесін іске асырудың прогресін бағалауға аталған негіздерді пайдаланатын болады. Аталған реформа зияткерлік меншік тауарлары мен қызметтерінің өсіп келе жатқан рөлін қамту, сондай-ақ макроэкономикалық статистиканы жасауда экономикалық жүйелерді жаһандандыру үшін құрылған. Көрсетілген реформа жасыл өсу мен тұрақты даму индикаторларын іске асырумен қатар, адам дамуындағы прогресті бағалауда және жасыл даму мақсатында Қазақстанға салыстырмалы сапалы және сандық, халықаралық танылған статистиканы жинауға мүмкіндік береді.

С а л а р л ы қ қ ы з м е т

23. Саясат секторларының арасындағы аралық өзара іс-қимылды айқындау, тежейтін шектеулерді еңсеру және саясаттар арасындағы өзара байланыс тәртібін айқындау маңызды. «Қазақстан-2050» стратегиясында айқындалған түрлі негізгі секторларды дамыту мақсаттарына қол жеткізу үшін осы секторларда реформалар процесстерін енгізу қажет.

24. Прогресті зерделеу жобасы мақсаты тұрақты және орнықты экономикалық өсуді және оның әлеуетін үдету бойынша жалпы ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ теңсіздікті азайту және әл-ауқатты ілгерілету стратегиясын әзірлеу және дамыту болып табылатын Кешенді елдік шолудың іске асырылу прогресін бағалайтын болады.

Қ ұ н ы ж ә н е к е с т е

25. Прогресті зерделеу жобасы 2015 – 2016 жылдары іске асырылатын болады, жалпы құны 471 915 евро, ол былайша бөлінген:

2015	2016	Барлығы
233 923	237 992	471 915

«Елдік бағдарламаның Қазақстанның экономикалық реформаларының бағдарламасына қосқан үлесіне ерекше көңіл бөле отырып, Қазақстанның экономикалық реформаларын Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының жеке сектор мен бәсекеге қабілеттілікті дамыту саласындағы стандарттары мен озық практикаларымен біріздендіруге бағытталған Қазақстанды реформалау бағдарламасының прогресін зерделеу» жобасына бюджет

Болжамды шығыстар	Евро
Персоналға арналған шығыстар	294 288
Қызметкерлерге арналған үстеме шығындар	37 873
Консультанттар	41 621
Иссапарлар (ЭЫДҰ қызметкерлері және сарапшылар)	49 900
Өзге де шығындар (мысалы, есептер мен құжаттарды дайындау және басып шығару)	18 502
ЭЫДҰ-ның әкімшілік шығыстары	29 731
Жиыны	471 915

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК